

Есбосынов Е.З.



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ergaliesb@gmail.com

ОСМАН-ТҮРІК ТІЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚТІЛДІ КОНТЕНТТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Еліміздегі шығыстану ғылымының түп-төркіні «кеңестік-орыстық» дәуірімен астарлас болғанымен қазіргі уақытта өз алдына дербес, таза қазақстандық ғылыми сала екендігі анық. Мұны қазақ тілінде жарық көріп жатқан шығыстанушы ғалымдардың еңбектерінен де байқауға болады. Ал 1997 ж. Алматыда жарияланған «Түркі халықтарының тарихы» атты басылым осы бағыттағы, оның ішінде Осман империясы мен осман-түрік тілін зерттеу нысанына алған ғылыми еңбектердің алғашқы легінде тұратыны белгілі. Дей тұрғанмен, қазіргі талап пен сұраныстар аясында қарасақ мұндай академиялық басылымдардың тапшылығын байқауға болады. Мақсатымыз, осындай тақырыптық ерекшеліктерді де қаперге алып, отандық және шет елдік баспа немесе цифрлық ортада қолжетімді болған мәліметтерді реті мен иініне орай пайдалану, осман-түрік тілінің лексикалық ерекшелігіне, әлеуметтік яки тарихи астарына шолу жасау. Мұндағы идеямыз, мақала шеңберінде қазақтілді зерттеулердің мазмұнынан, сандық және сапалық ерекшеліктерінен хабардар ету. Бұл орайда Қазақстан Ұлттық кітапханасы Сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған османтілді жазба ескерткіштер каталогының жарық көруі сала мамандары үшін үлкен жаңалық болды. Біз осы каталогтар жинағының құрылымдық статистикасына тоқталып, Стамбұлда шыққан бір еңбектің мазмұны мен ғылыми бағдарын арнайы атап өттік, түпнұсқа мұқаба бетінің фотосуретін қостық. Мақалаға материалдар іздеу барысында байқалғанындай Осман мемлекеті тарихына, тіліне қатысты ЖОО арналған қазақша оқулықтарда кемшін тұстары да бар, біз мұны, мысалы, 2015 ж. Астанада шыққан «Түркі тілдері» басылымында көрсетілгеніндей «кеңес үкіметі жалпытүркілік контентке сақтықпен қараған, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі зерттеп-тексеруге мүмкіндігінше кедергілер келтіруге талпынған» деп келетін цитата төңірегінде қарастыруға және осы теріс үдерістің жалғасы ретінде бағалап көрдік. Себебі мұндай оқулықтар, көпшілік жағдайда шет тілінің (орыс тілі) механикалық көшірмесі болуларымен қатар «советизм» деп аталатын саяси риторика төңірегінде өрбитін лексикалық шаблондарды да жиі қолданады. Бұл жағдай өз кезегінде, қандай еңбек болмасын, шынайлығы мен ғылымилығына нұқсан келтіріп тақырыптық әлеуеті мен мазмұнын шектеп тұрады. Түркі халықтары тарихының, тілі мен саяси-әлеуметтік дамуының хронологиясы, салалық тізбесі мен мазмұндық аясы қазіргі шекарамен өлшенбейтіні белгілі. Бұлар әлдеқайда терең, сан-салалы және мамұнды екені анық, ал мақалаға арқау болған Осман империясы және төңірегіндегі тақырыптық ізденістердің деректері және ішінара талдануы осындай өзекті мәселеге шығыстанушы мамандардың назарын аударуға бағытталған.

Кілт сөздер: шығыстану, түркі тілдері, ғұсмания, советизм, оқулық, Стамбұл, Талас, каталогтандыру.

Кіріспе

Негізгі саласы филологиялық зерттеулер болғанымен басқа да, мысалы тарих, әлеуметтану, саясаттану пәндеріне де қатысты ізденістерді бір арнаға топтастыратын ғылым саласы болса, ол әрине, шығыстану ғылымы. Мұны біздің өңіріміз, Орталық Азия – Түркістанға қатысты пайымдасақ, әу баста Ресейде пайда болып сол елде дамығандықтан

Қазақстан шығыстанушыларының да сол ел ғалымдарына ұқсас немесе ұқсап жазуы, ұқсас ойлауы яки пайымдауы, ғылыми постулаттар мен тавтологияларды көпшілік жағдайда «ортақтаса қолдануы» табиғи үдеріс болса керек. Бұл өз кезегінде «ортақ өткенге» барып тұйықталып, одан арғы, яғни қазіргі уақтқа барып ұласытыны анық. Бұл үдеріс ондаған жылдарға созылып ұзақ мерзімді қамтығандықтан өзіне тән ғылыми ізденіс пен ғылыми-зерттеу нормаларының мектебін қалыптастырды. Сөйтіп ұрпақтар алмасуы эволюциясы шеңберінде тиісті ғылым саласының мамандары өсіп-жетіліп жатты. Алайда мұның белгілі бір шекте, яғни сызылып пошымын тапқан рамканың ішінде екендігі уақыт өте келе анығырақ көрінді. Ол рамка, бір жағынан ескі ел – Кеңес Одағы, одан әрі шет елдік жұрт – Ресей Федерациясы болса, екінші жағында тәуелсіз ел – Қазақстан болып жөн табысты. Бұл да эволюциялық дамудың бір көрінісі болды. Енді екі ел өз мақсатын өзі айқындап, өз міндетін өзі белгілеп, өз тілінде өз ғылымын түзіп жөн-жосығын тапқандай көрінді. Бірақ осы тұста жекелеген проблемалардың, оның ішінде ғылыми және тарихи деректерді іздестіріп сұрыптаудың, одан әрі ғылыми интерпретациясын жасаудың ортақ бола алмайтындығы белгілі болды. Ал жекелеген тарихи, архивтік немесе басқа да деректердің зерттелу методикасы мен одан арғы ғылыми-практикалық интерпретациясының жариялануы екі елде мүлде басқа форма мен мазмұнда көрініс тауып, бір-бірімен қабыспай, жұғыспай жатты. Яғни зерттеу объектілерінің зерттелу методикасы мен методологиясы, одан арғы практикалық (кітаби, баспа) көрінісі принциптік тұрғыда екі бөлек, бір-біріне жат екендігі белгілі болды. Мұны, ізденіс барысында да байқағанымыздай жекелеген еңбектер төңірегінде өрбітіп, тақырыптық тұжырымдамалар негізінде көрсетуге тырыстық.

Дей тұрғанмен бұл уәжіміз үзілді-кесілді шешім ретінде қабылданбай, сала мамандарының күнделікті ізденістерінде ескеріп жүретін «ғылыми нарративі» болса құба-құп. Үйткені шығыстану ғылымының зерттеу нысаны кең болғандай Осман империясы мен осман-түрік тіліне қатысты формальдық-тілдік бағыты да аса ауқымды. Ал қазіргі түрік тілі мен жазба әдебиеті, ұзақ жылдар бойы үстемдік құрған Осман империясы тарихымен, ел басқарған сұлтан-патшалар мен ойшыл-қаламгерлерінің есімдерімен тығыз байланысты екендігін қаперге алсақ османистика саласының ауқымды да қызықты деректерге бай екендігін айта аламыз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Іздей қалғанда оңайлықпен табыла қоймайтын, әсіресе қазақтілді ғылыми әдебиеттерде ілуде бір кезігетін сөз бар болса, ол, - *осман* сөзі. Жалғасы ретінде Осман империясы немесе осман тілі, түрікшелеп яки османшылап айтсақ *османлыша* немесе *османлы түрікшесі*. Сондай бір ізденіс кезінде кездейсоқ табысымыздың бірі «Абай тілі сөздігіндегі» *ғұсмания* атауы болды: «Ғұсмания: Бұрынғы түркия (түркия сөзі кіші әріппен жазылған – Е.Е.) патшалығы. Соған қарай Ғосманияда мектеп харбия, мектеп рушдиялар салынып, жаңа низамға айналған». Мұнда «Ғұсмания» деп бастап «Ғосмания» деп жалғастырған. Осы анықтамадағы *харбия* (684 б.), *рушдия* (511 б.), *низам* (462 б.) сөздерінің анықтамасы арасынан «низам-ға» назар ауардық: «Низам: Заң, тәртіп. Бұл күндегі тәхсид-ғұлум ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушдиялар салынып, жаңа низамға айналған» (Абай тілі сөздігі (1968): 183) Мұндағы «ғұсмания» сөзін *ғұсман* – *ғосман* – *осман* – *оспан* деп таратып қазақ фонологиясына бейімдеуге болады. Осы тектес дыбыстық өзгерістер редукция, метатеза немесе комбинаторлық алмасу деген атауларға ие (Нұрмаханова (1982): 70).

Кеңестік Қазақстан дәуірінде шыққан түркологиялық оқулықтардағы түркі тілдерінің генеологиялық классификациясы тақырыбы Н.А.Баскаковтың еңбектері бойынша да берілген, мұнда «Батыс хун бұтағы Булгар тобы» деп келеді де «Оғыз тобына енетін тілдер: түрікмен тілі (Түркменияда, Өзбекстанда, Совет Одағының басқа республикаларында; Иран, Ауғанстан, Түркия, Сирияда), *түрік тілі* (Түркияда, Кипр, Греция, Ирак, Сирия, Болгария,

Югославия, Румыния, СССР, Франция, Аргентина, Америка Құрама Штаттарында)» деп жалғастырып, «Қыпшақ тобы» деп, одан әрі «Түркі тілдерінің шығыс хун бұтағы» деп аяқтайды. Түркі тілдерінің генеологиялық классификациясында «Н.И.Ильминскийдің, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойлович, В.А.Богородицкий, С.Е.Малов, И.А.Батмановтардың да пікірлері ескеріледі», деп атап өтеді (Аханов (1973): 611). Мұнда байқағанымыздай қазіргі түрік тілі атауы болғанымен, *осман тілі* немесе *Осман империясы* деген сөз жоқ. Баскаковтың классификациясын осы уақыттарда шығып жатқан еңбектерден көре аламыз: «Түркі тілдерін классификациялау – түркі халықтарының және түркі тілдерінің даму тарихын дәуірлеу болып табылады. Себебі, мұнда, ең алдымен, алғашқы-рулық қоғамда пайда болған ұсақ ру-тайпалардың бірігулері мен қайтадан ыдырауларының, кейіннен олардың ортақ тарихи тектестіктеріне қарай ірі тайпалық одақтар құрап қана қоймай, белгілі бір кезеңдерде құрамы жағынан әр қилы тайпалар мен тайпалық бірлестіктерді өздеріне қосып алуларының нәтижесінде тайпалық тілдік бірлестіктердің пайда болуы; әрі қарай жалғасқан тайпалық одақтар аралық бірігулер мен ыдыраулардың нәтижесінде халықтар мен тілдердің біршама ірі бірлестіктерінің қалыптасуы; түркі тілдерінің өз ішінде тегі ортақ және типологиясы ұқсас бола тұра, осы тілдердің өзара қарым-қатынасының, тарихи дербес дамуының нәтижесінде өзді-өздеріне тән ерекшеліктерге ие тілдік топтардың пайда болуының сан алуан қыры ескеріледі», деп келеді де мына дерекке сілтеме жасайды: Баскаков Н. А. *К вопросу о классификации тюркских языков*. Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. т. XI. Вып. 2. - М., 1952. - с. 121-134».

Біздің ойымызша, цитатадан көрінгеніндей, өзге тілден аударма жасау барысында біршама шұбалаңқылыққа жол беріліп, айтпақшы болған негізгі идеясы шұбалаңқы, дүбара форма алған. Осы кітаптағы тақырыптық графа жалғасып барып төмендегідей тиянақталады: «Түркі тілдеріне генеологиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А.Баскаковтың жіктеуі. Сондықтан қазіргі таңдағы түркі тілдерінің тарихына байланысты зерттеулер осы классификацияны негізге алады» (Түймебаев, Сағидолда, Ескеева (2017): 2). Бұл пікірге қосылып-қосылмау ерікті болса да, бір ғана зерттеушінің уәжін жеке дара ұлғайтып көрсетудің реті болмаса керек. Себебі түркі тілдерінің генеологиялық классификация тізбесі мол болғанындай басқа да жіктеп-сұрыптау аз емес. Ал тақырып аясында қорытындыласақ *осман тілі* туралы деректерді бұл еңбектен де байқай алмадық. Мұндай ғылыми вакуумды осман тіліне қаратып айтпаса да осман тілі дәуіріне төркіндес кезең - *шағатай тілі* мен *қыпшақ* зерттеулеріне сілтеме жасаған жекелеген жарияланымдардан байқауға болады: «Отандық түркітанымда шағатай тілі және көне қыпшақ тілі мәтіндеріне байланысты аз да болса зерттеу жұмыстары баршылық. Кеңестік түркологиядан бастап қазірге дейін жалпы шағатай және көне қыпшақ дәуірлерінің, сол секілді сол дәуір тұлғаларының ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктерін, сөздік қорын арнайы қарастырған мақала, баяндама, оқулық, сөздік, монография деңгейіндегі түрлі зерттеулер жазылып, көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялық қорғалды. Ал Анадолыда жазылған түркі ескерткіштері, әдеби тілінің ерекшеліктері туралы сөз еткен жұмыс мүлде жоқ деп айтуға болады. Демек ынтымақтастығымыз әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, туыстық секілді түрлі бағыттарда қарыштап дамып келе жатқан қазіргі кезеңде бұл тақырыпқа жеткілікті деңгейде назар аударылмауы *Қазақстан түркологиясы үшін үлкен сын*. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеп, саралау отандық түркологияның талабы десек те әбден болады». Мақала авторы осындай пікір айта келе осман тілі туралы деректі түрік ғалымы Хайати Девели мен Абдулкадир Өзтүріктің зерттеулеріне жүгініп қазақша аудармасын былай береді: «Кіші Азияда Осман империясы құрылды, Әзербайжан аймағын аққойындықтар мен қарақойындықтар және *Сафафилер* жаулап алды (сірә, Сафавилерді

айтса керек: Е.Е.). Осман империясының құрылған кезеңдерінде қабылданған түрлі реформалардың әсерімен Анадолы түркілерінің тілінде серпінді прогресс басталды. «Осман тілі», «Осман түрікшесі», «Османлыша» деп аталатын ерекше әдеби норма қалыптасты. Әзербайжандар да XV ғасырға дейін кейбір диалектілік ерекшеліктерді есептемегенде, Анадолыдағы түркілермен бірдей сөйлеп, бірдей жазып келген болса, осы тұстан бастап өзіндік әдеби тілін қалыптастыра бастады. Атап айтқанда, Несимиден (XIV ғасыр) соң фонологиялық және морфологиялық жағынан көне оғыз тілінен ерекшеленетін әзербайжан оғызшасы пайда болды» деп Девелидің 2023 ж. шыққан еңбегіне және «XVI ғасырдың бас кезеңінде оғыз тілдері осман тілі және әзербайжан тілі болып екі әдеби норма бойынша даму сатысына көшті» деп Өзтүріктің 2023 ж. шыққан еңбегіне сілтеме жасайды (Утебеков, Якубов (2024): 5-6 б.).

Осман тілі мен азербайжан тілінің тарихи даму үдерісі ортақ екендігін қазақ түркологтары да атап өткен. Алматыда 1971 ж. шыққан оқулықта түркі тілдері классификациясы туралы көптеген мәліметтердің арасынан Қ. Сарбаевтың 1961 ж. жарық көрген еңбегіне сілтеме жасап «түркі тілдерінің өзара жіктелу кестесі» деп атаған графасына назар аудардық: «... «Түрік филологиясының негіздері» деген еңбекте (неміс тілінде, 1959 ж.) көне түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерін өз ара топтастыру мәселесі осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстардың бәрін де есепке алып жасалған. Бұның өзі түркі тілдерінің ең соңғы классификациясы болғандықтан, біз оны оқушылардың назарына ұсынуды лайық көрдік:

I. Ескі түркі тілі (орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тілі).

II. Орта түркі тілдері. Батыс түркілерінің тілі. 1. «Кодекс Куманикус тілі». 2. Қыпшақ тілі: а) мамлюк қыпшақтарының тілі; ә) армян қыпшақтарының тілі.

Шығыс түркілерінің тілі. – 1. Қараханид түріктерінің тілі (осыған қосымша Жетісу жерінен табылған эпиграфиялық тілі де келтіріледі); 2. Хорезм түріктерінің тілі. 3. Шағатай тілі.

II. Жаңа түркі тілдері. Оңтүстік түркі тілдері – 1) Ескі осман тілі; 2. Жаңа осман тілі және қазіргі түрік тілі; 3. Осман тілінің диалектілері: анатоли және рум диалектісі; ә) гагауыз диалектісі; б) қырым османдарының диалектісі; 4. азербайжан тілі; 5. түркімен тілі.

Классификация одан әрі «Батыс түркі тілдері; Орталық түркі тілдері; Шығыс түркі тілдері; Терістік түркі тілдері» деп жалғасады (Айдаров, Құрышжанов, Томанов (1971): 10). Мұндағы назар аударған жайт, әрине, «Осман тілінің диалектілері» деп гагауыз тілін атауымен қатар қырым татарларын «қырым османдары» деп атауы. Мұндай немесе осыған ұқсас классификацияның болып-болмауы туралы ізденіс жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі түрік тілі, одан арғысы осман тілі, Анадолы яки Таяу Шығыс өңірі зерттеулері қазақ түркітану ғылымы үшін зәру де өзекті мәселе екендігі анық. Бұл саладағы зерттеулер мен ғылыми ізденістердің аз болуының себебін әріректен, кеңестік дәуірден «табуға» болатыны анық. Ол кезде әрбір түркі тілін жеке-жеке қараумен қалмай сол «жеке шыққан» тілдің өзін тағы бір жасанды классификациядан, сұрыптаудан өткізу үдерісі болған. Мұның айқын бір мысалын мына бір еңбектегі талдаудан толығырақ көре аламыз: «Кеңестік кезеңде жазба тіліміз екі түрлі бағытта қарастырылды, оның біріншісі – ұлттық жазба әдеби тіл, екіншісі – кітаби тіл. Бұның соңғысына түркі тілдерінің барлығына ортақ үлгі «түрки» әдеби тілімен төркіндес (түрки – түркі халықтарындағы аймақтық жазба тілдердің жалпы атауы) жазылған араб жазулы мұраларымыз жатады. Және бұл тіл қазақ қоғамында XX ғасырдың басына дейін қолданыста болғаны мәлім. Қазақ тіл білімінде осы кітаби тілге қатысты берілген анықтамалар негізінен жағымсыз реңде қалыптасқан болатын. Мысалы, «шұбарланған тіл» (В.В.Радлов), «қоспа тіл» (С.Е.Малов), «касталық тіл» (І.Кеңесбаев, Қ.Жұмалиев), «дін тілі» (С.Аманжолов), «қазақ тілінің ерекшеліктері көп енген шағатай тілі» (Н.Т.Сауранбаев), «бөгде сөздермен былғанған, ауытқымалы тіл» (М.Балақаев), «араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздерімен аралас жазылған, қазақтың мұсылманша

оқыған, хат танитын адамдары да түсінбейтін қоспа тіл» (Б.Кенжебаев). Ал ғалым Ғ.Мұсабаев керісінше, «қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл» десе, профессор Н.Уәлиұлы оны «халқымыздың рухани-мәдени феномені» деп бағалаған болатын» (Мамырбекова (2015): 105). Мұндай уәжге қандай да бір алып-қосу артық болса керек.

Талқылау

Әрбір дәуір мен уақыттың өз талабы мен сұранысы болатыны сөзсіз. Осындай сұраныстың яки ғылыми – зерттеу нысандарының кеңейгенінің көрінісі болса керек Осман империясы дәуірі мен осман мемлекеті туралы жекелеген кітапшалардың жарияланып жатқанын байқауға болады. Бұлар ғаламторда аздау көрінетіндігіндей, кітапханаларда да сирек кездеседі. Осындай ізденіс нәтижесінде ғылыми аппараты мен орындалу тәртібі күмән тудырса да, жекелеген басылымдардың бар екендігіне көз жеткіздік. Тақырыптық тұрғыда назарымызды аударғаны 2009 ж. шыққан «қазақша сөйлейтін орыс кітабы». Кітаптың мазмұны «ХІ-ХІІ ғғ. Туркия» деп, әу бастан 1 орфографиялық катемен басталады. Одан әрі «Селжуктік Рум сұлтандығының құрылуы»; «Селжук жаулап алушылары»; «Османдық империясының құрылуы»; «Түрік-османдықтардың жаулап алушылықтары»; «Түркиядағы феодалдық қатынастар»; «Түріктердің Византияны, Албанияны жаулап алуы» деп мазмұндық жағынан жат, стильдік жағынан советизмдермен жалғасады. Кітаптың «Осман мемлекетінде феодалдық қатынастар» графасынан үзінді: «Түркияда жер мемлекет меншігінде болды. Жердің едәуір бөлігі феодалдарға уақытша меншікке берілді...». Басқа бір графа «Жаулап алынған халықтардың осман-түріктерге көтерілістері» деп аталып былай жалғасады: «Ол халықтар өздерінің тәуелсіздік жолындағы күресін тоқтатпады. Болгар және серб партизандары *гайдуктар* деп аталды. Олар мұсылман мекендерін *өртеді, тонады*, түрік чиновниктері мен жауынгерлеріне шабуыл жасады. Гайдуктер жиі-жиі қажетсіз қаталдыққа барып, тонаумен және зорлық-зомбылықпен айналысты. Славян феодалдарының едәуір бөлігі ислам дінін қабылдап, сұлтан жағына қызмет істеуге шығып кетіп отырды» (Тортаев (2009): 207-214). Кітаптың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кітапханасында «Тарих факультеті: 2867; 829219» нөмірмен тіркеліп, оқытушы-профессор құрамы мен студенттердің қолданысында екендігін ескерсек, - мұны үлкен кемшілік деп айта аламыз. Назар аударатын жайт, кітап авторы, Новосибирск пен Мәскеуде шыққан екі кітапты негізгі ғылыми дерек ретінде пайдаланған яғни біз көрген тақырыптық тұсын механикалық түрде аударып жариялаған деп түсіндік, алайда «осы кітаптан мына графалар аударылып берілді» деген ескертпе жасамаған.

Басқа бір назар аударған басылым 2015 ж. Алматыда шыққан. Кітаптың 17-ші тарауы «ХІV – ХVІІ ғасырлардағы Осман империясы» деп аталады. Графа «Османдар мемлекетінің қалыптасуы», «Осман империясының әлеуметтік-саяси мекемелерінің қалыптасуы», «Түріктердің Константинопольді алуы», «Османдардың шығыстағы жаулаушылықтары», «ХVІ ғасырдағы Осман империясының Батыс бағытындағы жорықтары», «ХVІ-ХVІІ ғасырлардағы Осман империясының әлеуметтік-саяси дамуы» деген тақырыпшалардан құралып, соңында «Бекіту сұрақтары» қойылған: 1. Осман мемлекетінің қалыптасуының тарихи жағдайларын көрсетіңіз; 2. Османдардың Константинопольді алуы: алғышарттары, барысы, нәтижесі; 3. Османдардың мұсылман әлеміндегі үстемдік жолындағы күресінің барысын талдаңыз; 4. Осман-Сефеви қайшылықтарының себептерін түсіндіріп, кезеңдерін көрсетіңіз; 5. Осман империясының Еуропа елдерімен қарым-қатынастарына талдау жасаңыз; 6. Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі ерекшеліктері.

Кітап авторы графа бойынша «Негізгі әдебиет» деп 6 Мәскеулік, 3 Алматы, дұрысында өзінің Қ.Т. Жұмағұловпен бірігіп жазған үш кітабын атап өткен. Ал «Қосымша әдебиет» деп 4 Мәскеу басылымын, 2 Санкт-Петербург, 3 Алматы, 1 Қызылордада шыққан жарияланымға сілтеме жасаған. Осы кітаптың назар аударған тақырыптық тұстарынан иллюстративтік

мысалдар алып, өзгертусіз дәлме-дәл бере кеткенді жөн көрдік: «Кіші Азияның бүкіл батыс жағалауын өзіне қаратып алған осы бейліктердің экономикасының басты көзі – теңіз қарақшылығы мен құл саудасы. Түрік қарақшыларынан Еуропа елдерінің зардап шеккендері соншалық, олар бас біріктіріп крест жорығын ұйымдастыруға бел буады. – 300 б.; Қапықұлыларды толықтырып отырудың бұрынғы көздері жеткіліксіз болғандықтан, Балканның бағынышты христиан халқының балалары мен жасөспірімдерін, ең алдымен славяндар мен албандардың балаларын еріктен тыс салғырт немесе өзіндік бір «тірі салық» - *девширме* ретінде жүйелі түрде алып отыру басталды. – 303 б.; 1517 ж. Портаның жоғарғы сюзеренитеті мен қамқорлығына Хашимиттердің Мекке шерифаты өткеннен кейін, Африка мен Арабиядағы бірқатар жерлер, атап айтқанда 1517 ж. Джидда және Қызыл теңіздің Шығыс жағалауындағы басқа да жерлер, сондай-ақ Оңтүстік Нубиядағы Фунг сұлтанаты, 1538 ж. Йемен мен Хадрамаут, 1551 жылы Хабеш алынды. – 306 б.; 1569 жылғы жеңілістің кінәсін сұлтан Қырым ханы Дәулеткерейге артты. ...Зерттеуші В.И.Ламанскийдің көрсетуі бойынша, XV ғасырдың аяғынан XVI ғасырдың ортасына дейін Оңтүстік Ресей мен Украина жерінен Осман империясына 3-5 млн. адам әкетілген, олар Осман флотында ескекшілер, үй малайлары ретінде пайдаланылды, сондай-ақ әскер мен сұлтан гаремін толықтырып отырды. – 307 б.; Империяны Осман үйінен шыққан сұлтан басқарды. Ол мемлекеттік зайырлы және діни басшысы болды, *қасиетті заңның сақтаушысы, орындаушысы және түсіндірушісі* еді. – 311 б.; Теориялық жағынан алғанда, Осман жазушылары, көбіне әлеуметтік-дидактикалық трактаттардың авторлары... . – 313 б.; Осман империясының экономикасы рыноктық емес типтегі аграрлық экономика болды. Қатаң түрдегі бақылау мен реттеу өндіргіш күштердің еркін дамуын тежеді. Дегенмен мемлекетте заңнаманың жұмыс істеуі мен тәртіптің орнатылуы, ең алдымен көшпелілердің әрекеттері мен ұсақ феодалдардың билігін шектеу шаруа өмірінің біраз жандануына ықал етті. ...Шариғат бойынша гүлденген мемлекеттің билеушісінің басты міндеті тауарлардың саудаға тұрақты және жеткілікті түсіп тұруы болды. – 314 б.» (Қартабаева (2015): 300-315). Шағын цитаталардан көрінгеніндей Осман империясы туралы жалпылама деректер стильдік жағынан ауыр, мағыналық тұсынан дұбара берілген, жекелеген орфографиялық қателер де орын алған. «Қарақшы», «гарем», «қасиетті заң» «малай» сияқты атау сөздер мен сөз тіркестерін қолдану барысында этикет мәселесіне мән бермеген. Ал *осман-түрік тілі* туралы мәліметті бұл кітапшадан да таба алмадық. Кітапқа қатысты басқа бір назар аударатын тұс, - оқулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің мақұлдауымен жарық көрген. Кітап Абай ат. ҚазҰПУ-нің № 10 корпусындағы кітапханада 996289/63.3(5)3. Қ42. шифрымен тіркелген.

Осман-түрік тілі төңірегінде тақырыптық байлам жасаған лексикографиялық еңбектердің кейбіріне тоқталсақ; 1999 ж. Анкарада шыққан «Түрік тілі сөздігі» осман тілін *османлыша* деп атаған: «XIII-XX ғғ. арасында Анадолы мен Осман мемлекеті аумағындағы елдерде қолданыс тапқан тіл. Әсіресе XV ғ. кейін арап және парсы тілінің шамадан тыс ықпалында қалған түрік жазба тілі», деп келіп *османлы, османлышашылық* – осман тілін қолдаушы және жақтаушыларды осылай атайды; және *османшылық* деген сөздердің мағынасына тоқталады. Сонымен қатар *отоман* сөзінің анықтамасын берген: *француз тілінен кірме сөз*; 1. османдықтарға еуропалықтардың берген аты; 2. жібек матаның бір түрі; 3. бөрене формасындағы диван, кресло (Türkçe Sözlük (1999): 1022). 2008 ж. шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде», осман: *зоол.* «уылдырығы жеуге жарамайтын ірі балық» деген (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (2008): 642). Қазақтілді сөздіктерде тақырыптық жағынан толығырақ анықтамалар да кездеседі: «Осман *зат.* Түрік сұлтандары әулетінің негізіні салушы I Осман атымен аталып кеткен Түркияның негізгі халқының ескі атауы. Кейіннен I Осман негізін қалаған мемлекет халқы мен билеуші әулетті көрші елдер *османдар* деп атаған (ҚҰЭ). Османдар үстемдік етер алдында мұсылмандар әлемінде негізгі мектеп қатарына қосылды. Сол шақта Меккенің бас имамы да осы шафиқтік мектептің өкілі болды («Парасат»)). Осман *зоол.* Уылдырығы жеуге жарамайтын балық. Осман – көкбас балық.

Кәсіптік маңызы шамалы балықтардың бір туысы. Османизм. *зат.*19 ғ. аяқ шенінде жас түріктер негізін қалаған Осман империясындағы саяси доктрина, *Оттоманизм*. Түрік емес халықтар арасында ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуі, Триполитания соғысы, Балқан соғыстары Осман империясының тұтастығын сақтауға османизмнің әлі жетпейтінін көрсетті (ҚСЭ). Османылша *сын*: Осман тілінде, османша. Кемал Ататүрікке дейін қазіргі түрік тілі «қойшылардың тілі» саналып келген, ал ғасырлар бойы билік құрып қалған Осман әулеті сөйлеген бұрынғы қайы тілі ресми тіл «османылша» деп аталғандығы мәлім (Ә.Кекілбаев, Тіл және тәуелсіздік (2010): 28) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2010): 28). Мұнда сөздік құрастырушылар *османлыша* яғни қазақ тілінің морфонология постулаты бойынша *османдықша* деудің орнына *османылша* деп жазып, орфографиялық қате жіберген. Мұны Ә.Кекілбаевтің ауызша айтқанын дәлме-дәл қайталағанынан ба деп топшыладық, үйткені қазақ тілі нормативтік лексикасына орай «билік құрып қалған» емес «билік құрып келген» болуы тиіс. Ал төрт-бес ғасырдай ұзақ уақытта өміршендігін жоймаған алып елдің тілін «қойшылардың тілі» деп атау біршама күмән тудыратыны анық. Дей тұрғанмен мұндай пікірдің қазақ энциклопедиялық басылымында көрініс табуы бекерден болмаса керек. Мұны, әрине, алдағы уақыттарда іздестіріп-сұрыптаса құба-құп болмақ.

Осман тілі төңірегіндегі ізденістер Түркияда да біркелкі, бірізділік үйлесімді бағытта деп айта алмаймыз. Шығармашылық уақыты республика дәуірінің алғашқы тұстарына келген түрколог-ғалым Ахмет ЖафEROғлы өзінің «Түрік тілі тарихы» атты 2 томдық еңбегінде Осман империясы мен осман атауына бес-алты сөйлемдік байлам жасаумен шектеліп, пікірін *Түркілердің алғашқы рет Ислам мәдениеті шеңберіне кіру процесі* деген графасында білдірген: ... Кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда түрік пен араптардың тұңғыш рет бетпе-бет жолығуы 642 ж. Иран қолбасшысы Үшінші Иезджердің Тохаристандағы жеңілуі нәтижесінде болған. Кейінірек осы екі тайпалық бірлестіктің қарым-қатынасы дами түседі. Сөйтіп осы халифе *Осман дәуірінде* Хорасанның араптардың қолына өтуі оқиғасы барысында белсенділік танытып, араптардың Орта Азиядағы түріктерге қарай жылжуына негіз қалайды. Сөйтіп Орта Азияда ықпалды күшке айнарудың алғышартын қалыптастырады. Мәдени даму үдерісі жағынан бір-біріне ұқсас және өзара толықтырушы екі тайпа, 50 жылға дейін баратын соғыс пен кикілжің заманына кіреді. Түріктердің тегеурінді тойтарыс берулеріне қарамай араптар жеңіске жетеді. Осы себептен Орта Азия аумағының байырғы иесі – түріктердің ата мекенінің ірі бөлігі Емеви Халифатының басқаруына өтеді. Сөйтіп араптармен қоса ислам мәдениеті де кіріп, қытай факторы да көрінетін жергілікті мәдениетті ығыстырады, өз ықпалына алады. Осы кезеңнен бастап, түріктер, аса баяу бірақ тұрақты түрде ислам мәдениеті шеңберінің ішіне дендеп кіре бастайды, бұл мәдени үдеріс күнделікті тіршіліктерінде де көрініп ұлғая түседі (СафEROғлы, 1984: 6).


Қазіргі түрік лингвист-ғалымдарының арасында да осман-түрік тілі туралы қарама-қайшы пікірлер жоқ емес. Мысалы түрік тілін зерттеуші Сүер Екер өз еңбектерінде осман-түрік тілін «сұлтан-падишах сарайының айналасына топтасқан номенклаураның *өздері ғана түсінетін* тілі» деп келеді де «Осман тілі түрік тілінің эволюциялық түрде дамыған тармағы емес, бұтақ-талы да емес. Бұл тіл тек қана сұлтан сарайы маңайында қолданыс тапқан және арап-парсы-түркі тілдері қосындысынан пайда болған дүрегей, жасанды тіл. Тіпті тіл емес жаргон, слэнг деп те айта аламыз» деген қорытындыға келеді (Eker (2011): 241-142).

Зерттеу нәтижелері

Осман-түрік тіліне қатысты қазақтілді контенттерді іздестіру барысына цифрлық нысанда қолға тиген шағын басылым назарымызды аударды. Еңбек әу баста Талас қаласының мешітіне табысталған, соңынан Бішкектегі Қырғыз Ұлттық Академиясына сақтауға алынған «Осман тілі оқулығын» айта аламыз. Кітаптың сыртқы мұқаба бетінің алдындағы ақ қағазға сопақша мөр басылған. Мөрдің бел ортасында «Кол жазмалар фондусу.

Инвентарь нөмірі 36» деп келіп, жоғарыдан төмен қарай «Ч.Айтматов атындағы тил жана адабият институту. Кыргыз Республикасынын Улуттук илимдер академиясы Гуманитардык жана экономикалык бөлүмү» деп жазылған. Мөрдiң жоғары тұсында 107/78 шифры қойылған. Екінші анықтамалық бетінің оң жақ шекесінде LX78 жазбасы мен орта тұсында «Лисаи-и Осман» (Османский язык). Учебник для первого года старшекласников. Стамбул.1321/1903-1904 г. деп жазылып, беттің төменгі орта тұсына *г.Талас. От зам. имама Алымбаева*, деп толықтырылған. Мұндайғы «лисаи-и» деген жазбасы «лисан-и» болса керек. Біз кітаптың түпнұсқа мұқаба бетіндегі осман тіліндегі жазбаларды транскрипциялап және қазақша аудармасын бергенді жөн көрдік: «Лисан-и Османи (Осман тілі); Мекатиб-и рұштиенин биринжи сенесине махсустур (Рұштие (орта) мектеп бірінші сынып дәріс кітабы); Мүеллифи Али Назми (авторы Әли Назми); Дарүлфүнүн ве мекатиб мүлкие-и шахане мүдүр муавини (Стамбұл университеті мүлкие мектебі директорының орынбасары); Таб-ы салисе (Үшінші басылым); Маариф незарети желилесинин рухсатыйла таб олунмуштур (Ұлттық білім беру министрлігінің рұқсатымен басылып отыр); Истанбул 1321 – хижри; Хижра жыл есебімен 1321 жыл. Стамбұл».

Кітап Талас қаласы әкімшілігіне 1978 ж. өткізілген. Кітап айтарлықтай жақсы сақталған. Бірінші беттің кейбір тұстары өшіп қалған. Сол дәуір осман ақыны және осман тілінің сөздігін құрастырушы Муаллим Нажидің «тілді оқып үйренудің пайдасы» атты кытасы, – төрт шумақты өлеңі берілген. Кітап зат есім, етістік, морфология және алфавит ретінде түзіліп оқу материалдарын бергенде бірізділік сақталған. Айта кету керек, кітаптың баспадан шыққан уақыты осман тілін реформалау, жүйелеу, орфографиясы мен орфоэпиясын жаңғырту (қайта түзу) әрекеттері кезеңіне дәл келеді. Кітаптың сыртқы сұлбасында назар аударарлық көрініс, ол сірә, кейінірек яғни Кеңес одағы дәуірі болса керек, көк сиямен жазылған арапграфикалы жазбалар. Біз соның оқылған тұстарын былай көрдік: *Хатиб бин алим биг булатны*. Мұнда тек қана *Хатиб бин* ғана анық оқылады. *Хатиб* сөзін *ғалым, ғұлама, ұстаз* деп бастап одан әрі сыпайы қаратпа сөз *аға, ағатай, ағашым; көке, көкетай, мырза* ретінде де пайымдауға болады. Булат немесе болат сөзіне *-ны* қосымшасы жалғанған. Оны *болат–булат* деп барып жалқы есімге аударып Болат дей аламыз. Сөйтіп *Болат–тың* деп айтуға негіз бар. Сонымен қатар *болады* деп, одан әрі *болатын, болған* деп те тиянақтай аламыз: *Ұстаздың ұлы – ғалым, бек болған*. Бұл әрине, біздің топшылауымыз, шығыстанушы ғалымдар бұған да назар аударады деген ойдамыз, - фотода көрінгеніндей сурет сұлбасы сапалы және анық (Али Назми (1904): 3). Басылымның Стамбұлда шығып Түркістан өңірі – қырғыз еліне дейін жетіп, одан кеңес дәуірі заманында мемлекеттік мекемеге өткізілгені, өз алдына қызықты тақырып болатындығы сөзсіз.




1 – сурет. «Лисан-и Османи» оқулығының құжаттық және титулдық беті (Бішкек).

Қазақстанда осман-түрік тіліне қатысты атқарылып жатқан ғылыми жобалар да жоқ емес. Солардың бірі *Қазақстан (Алматы) Ұлттық Кітапханасындағы сирек кездесетін арап қарпінті еңбектердің каталогы* - *Kazakistan (Almaty) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu* деп аталады. 2021 ж. Алматыда шыққан еңбек мазмұндық жағынан *Осман-түрік тіліндегі жазба ескерткіштер; Әртүрлі тақырыптық секциялардан табылған осман-түрік тіліндегі еңбектер; Шағатай тіліндегі еңбектер; Әртүрлі тақырыптық секциялардан табылған шағатай тіліндегі еңбектер* деген үш бөлімнен тұрады. Алғашқы екі тақырыптық бөлімнің мазмұндық-тақырыптық статистикасы төмендегідей көрінді: Діни тақырып – 70 еңбекті қамтыған; Филология – 83, оның ішінде әдебиет теориясы – 1, роман (талдау) – 2, әдебиет тарихы – 1, хикая (талдау) – 1, өлең (құрылымы) – 1, мақала-эссе (жазу) – 1; Тарих – 59 еңбектен тұрады, оның ішінде 1-і әлеуметтану; Медицина – 9, Денсаулық сақтау (саласы) – 8, оның бірі – отбасы құру туралы; География – 11; Саяхат (сапар шегу) – 11, оның 1-і саяхаттану пәні; Философия – 6, оның 1-і философия тарихы; Биография – 7; Тәрбие, моральдық құндылық, әйелдер қауымы, отбасы – 8; Библиография -1; Математика – 5; Геометрия – 5; Музыка 13, оның 2-і би-хореография; Ағарту (саласы) – 4, оның 1-і алфавит; Политология – 4; Әскери – 3; Театр (драматургия) – 2; Астрономия – 2; Физика – 2; Мемуар -1; Әлеуметтік саясаттану -1; Дипломатия – 1; Сәулет – 1; Экономика – 1; Ботаника – 1; Зоология – 1; Оқу бағдарламасы-силлабус – 1; Педагогика тарихы – 1, Бухгалтерия – 1; Юриспруденция – 1; Ғылыми зерттеу (әдістемесі) – 1; Мәдениет тарихы – 1; Тарих-саясат – 3; Педагогика тарихы -4; Психология – бала психологиясы – 1; Тіл үйрету – 2; Сөздік (лексикографиялық еңбектер) – 13; Журнал – 1; Геология – 1; Хат – 103; Тіл білімі (лингвистика) – 7; Емле (орфография) – 1; Баспагерлік (полиграфия) – 1; Гүзел иазы – каллиграфистика – 3; Мақала – 1; Техникалық ғылымдар – 3; Экология – 2; Саяси тарих – 2; Жалпы ғылым – 1.

Тізімнен байқалғанындай жинақтағы ең ірі үш тақырып – филология, діни мазмұнды басылым мен тарих ғылымы еңбектері екен. Ал бір-бірден ғана сақталған басылымдардың тізімі айтарлықтай көп. Ал медицина, геология, каллиграфистика, астрономия, бухгалтерия,

оқу бағдарламасы – силлабус пен зоология, ботаника сынды арнайы бағыттағы еңбектерді жеке және толығырақ зерттеуге лайық деп есептейміз. Біз осындай сирек кездесетін ғылымдардың бірі деп «Психология – бала психологиясы» басылымына назар аудардық. *Кітаптың жинақтағы сипаттамасы:* Сақтауда тұрған жері: Қазақстан Ұлттық кітапханасы, Алматы қаласы; Коллекциялық атауы: Сирек қолжазбалар қоры; Тіркеу нөмірі: 1466; Ескі тіркеу нөмірі: 164-38; Авторы – Ахмед Мидхат; Еңбектің атауы: Чожук мелекат-ы узвие ве Рухиеси – Психология – Бала психологиясы; Тілі: Түрік тілі – осман тілі; Том саны – 1; Датасы және орны: Хижра 1317, Стамбұл Дерсаадет баспа үйі; Бет саны – 360; Жол саны: 15; Өлшемі: 120X83 – 95X60 mm.; Бағасы – 300 теңге; Сипаттамасы: Көлемі орташа, қалың мұқабалы кітап. Беттері жақсы сақталған. Баланың физиологиялық және психологиялық дамуына қатысты тақырыпты қамтыған (Қабадайы, Шадкам: 2021: 33).

Ізденіс барысында Қазақстан Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін қор әкімшілігінің рұқсатымен осы кітаптың фотосуретін алдық.



2 – сурет. Осман тілінде жазылған «Психология – бала психологиясы» кітабының сыртқы және ішкі титулдық беті (Алматы).

Осман мемлекеті дәуірімен қоса түркі халықтарының тарихына шолу жасаған қазақтілді басылымдардың бірі 1997 ж. Алматыда шықты. Кітап «Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынған» деген ескертпемен басталған. Кітаптың ішкі мұқабасының аңдатпасында мына деректер берілген: «Бұл оқу құралында IX – XIII ғасырлардағы Русь және түркі халықтарының тарихына қысқаша шолу жасай отырып, Алтын Орданың қоғамдық – саяси құрылысы (XIII – XV ғ.), Кавказдағы түркі халықтары (XIII – XVIII ғ.), Ақ Орда мен Көк Орданың ыдырауы және тәуелсіз хандықтардың құрылуы, олардың Ресеймен қарым-қатынасы (XV – XVIII ғ. бірінші жартысы), Жошы, Шағатай ұлыстарының ыдырауынан кейінгі Орта және Орталық Азияда құрылған тәуелсіз мемлекеттер (XIV – XVIII ғ.-дың бірінші жартысы), Кіші Азияда түркі халқының қалыптасуы және *Осман империясының* құрылуы мен нығаюы (XIV – XVIII ғ.-дың бірінші жартысы) туралы мәселелер баяндалады».

Кітап авторларының еңбекті жазу барысында қолданған «Құжаттар мен материалдар» топтамасына назар аудардық: 1. Бартоль В.В. *Дневник похода Тимура в Индию Гийс ад-Дина Али, тс приложением соответствующих отрывков из «Зафер-наме» Гизам ад-Дина Шами.*

Изд. Л.А.Зими́на, под ред. и с предисловием В.В.Барто́льда. (Тексты по историй Средней Азии. ч.1: Собрание восточных рукописей АН Узбекской УзССР. Т.1. Ташкент, 1952; 2. Гурьевич Б.П., Моисеев В.А. *Международные отношения в Центральной Азии*. Документы и материалы. Москва, 1980; 3. *Казахско-русские отношения в XVI –XVIII веках (сборник документов и материалов)*. Алматы, 1961. 4. *Материалы по истории Казахской ССР*. т.2. ч.2. Алматы, 1948; 5. *Материалы по истории казахских ханств XV - XVIII веков*. Алматы, 1969. 6. *Материалы по истории политического строя Казахстана*. Т.1. Алматы, 1960. 7. *Материалы по истории киргизов и Киргизии*. Москва, 1973; 8. *Материалы по истории туркмен и Туркмений*. Т.2 Москва-Ленинград, 1938; 9. *Низам ад-Дин Шами*, Зафер-наме в книге В.Г.Тезенгаузен в «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды». Т.2, Москва-Ленинград, 1941. 10. *Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды*. Т.2., Москва-Ленинград, 1941. 11. Тезенгаузен В.Г. *Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды*. Т.2, Москва-Ленинград, 1941.

Кітап авторлары осы сияқты, шет тілінде жазылған 106 әдебиетке сілтеме жасаған. Көлемді еңбек, түркі халықтарының географиялық, одан кейін саяси-аумақтық құрылымына шолу жасай келе Сібір түріктері, Шағатай, Алтын Орда, Селжұқ, Осман империясы сияқты белгілі түркілік бірлестіктердің әлеуметтік-тарихи дамуы туралы тыңғылықты мәлімет береді. Кітаптың тілі жатық, ғылыми аппараты мол және студент қауымның жылдам түсініп пайымдауына ыңғайлы. Кітап Абай атындағы ҚазҰПУ, филология факультетінің кітапханасында 63.(5)Я73.А52. нөмірмен тіркелген.

Аталмыш оқулықтан Осман-түрік мемлекеттік бірлестігіне қатысты тұстарынан иллюстративті үзінді беруді жөн көрдік: ...Еуразияда түркі тілдес халықтар қоныстанған жер аумағы солтүстік-шығыста сонау Мұзды мұхиттан оңтүстік-батысқа Босфор шығанағына дейін, шамамен алғанда 13-14 миллион шаршы километр аймақты алып жатыр. Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралғаны тарихтан белгілі. Осыншама кең-байтақ өлкеде көшіп-қонған олар оңтүстік-шығысында қытайлармен, солтүстік-батысында славяндармен, ал оңтүстігінде парсылармен шектесіп, олардың отырықшы мәдениетінің арасына дәнекер бола отырып, өздері де жан-жақты дамыды. Түркі тілдес халықтардың ежелден мекендеп, қалыптасқан жері – Еуразияның дәл кіндік тұсы, атап айтқанда Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Еділ бойы және Орал өңірі (9 млн. Шаршы км.). Қазір бұл жерде 40 түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың 25-нен астамы (жартысынан көбі) тұрып жатыр

Ірі тарихи оқиғалар және мемлекеттік бірлестіктердің құралуы түркі тілдері өз ішінде түрліше болып қалыптасуына, кең таралуына себепкер болды. Мысалы, алғашқы Түркі ұағанаты құрылғанда қырғыз, оғыз, қарлұқ тілдері, Алтын Орда заманында қыпшақ тілі, ал *Осман империясы* шарықтағанда *селжұқ тілі* гүлденіп, өркендеді (Аманжолов, Рахметов, 1967: 271 б.).

Кітап авторлары Осман империясын атай отырып «сұлжук тілі» деп берген, мұндай классификация көптеген түркологиялық еңбектерде кездеседі, түрік ғалымдары да осман тілінің қайнар көзін яки эволюциялық дамуын *селжұқ* дәуірімен байланыстырады: ««Осман тілі - XIII, XIV, XV ғасырларда қолданылған Ескі оғыз тілі. Саяси тұрғыдан алғанда *Селжұқтардың* соңғы дәуірі мен Бейліктер дәуірін, Қарақойынды мен Аққойынды мемлекеттерін және Осман Империясының екі ғасырлық дәуірін қамтиды. XVI ғасырдан бастап Османлы түрікшесі немесе *Осман тілі* деген дәуір басталды (Ercilasun, 2004: 362)». Түрік ғалымының «оғыз – селжұқ – осман» деп келген хронологиялық тізбесін 1973 ж. Ашхабатта шыққан «XI-XIV ғғ. түркімен тілі тарихы зерттеулері» атты еңбектен көре аламыз: «.. олар жалпы (бүкіл – Е.Е.) оғыздарды білдіретін *селжұқ* деген атпен танымал болған. Газневидтер шекарасы төңірегінің оңтүстік-шығысында көшіп-қонып жүрген. Ал Масуд сұлтаны кезінде Серахс пен Бавердте тұрақтаған» (Мухамедова, 1973: 202). Ал оғыз бен түркіменді *селжұқ* атауымен ортақтастырған еңбектер арасында Мәскеуде шыққан


А.Д.Новичевтің кітабын атауға болады. Автор мұны «Кіші Азияның селжұқ-түркілері тарапынан жаулап алынуы. Селжұқ сұлттанатының құрылуы» деген графасында атап өткен: Түрік мемлекеті ХІ ғ. 70-ші жылдары байырғы тұрғындары армян мен гректер болып табылатын Армян таулы қыраты мен Кіші Азияда пайда болды. Мемлекеттік бірлестіктің құрушы этносы селжұқтар болды. Олар – көшпелі оғыз (түркімен) тайпалары. Селжұқ династиясынан шыққан қолбасшының айналасына топтасты. Әу баста Зеравшан өзенінің оң жағалауындағы Бұқара мен Самарқандтың арасын мекен еткен. Шаруашылығының (экономикасының) тірегі – көшпелі мал шаруашылығы болды (Новичев, 1965: 7).

Қорытынды

Мақаламызды қорытындылай келе ізденіс нәтижесінде қолға тиген бір ақпармен бөліспекшіміз. Ол, – *Осман империясы мен осман-түрік тілі* төңірегіндегі зерттеулердің еліміз ғалымдары тарапынан талқыланып, пікірталас нысаны болғандығын көрсететін құжат, яғни халықаралық ғылыми-практикалық конференция Бағдарламасының шағын кітапшасы. Соған қарағанда Осман империясы тарихына қатысты ірі жиындардың бірін, мүмкін өз

бағытындағы бірегейін Ұлттық ғылым академиясы Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты 2000 ж. ұйымдастырған екен.

«Осман Империясының 700 жылдығы» деп аталған Халықаралық ғылыми конференция ҚР ҰҒА Қоғамдық және әлеуметтік бөлімінің академик-хатшысы А.Қ.Қошановтың «Кіріспе сөзімен» және Қазақстан Республикасындағы Түрік Республикасының Елшісі Чынар Алдемидің (Çınar Aldemir) «Құттықтауымен» басталған. Қазақ тарапынан 23, түрік тарапынан 4 зерттеуші баяндама жасаған. Біз осы жинақта орын алған алғашқы 10 баяндаманы атап өтуді жөн көрдік: Әбусейітова М.Қ., Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, т.ғ.д., *Осман империясының Шығыс және Шығыс Еуропа елдері тарихындағы орны мен маңызы*; Абдулкадир Иувалы (Abdulkadir Yuvalı), Халықаралық Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-түрік университеті ректорының орынбасары, профессор, *Түрік мемлекеттілігі ұғымы және Осман империясы*



3-сурет. «Осман Империясының 700 жылдығы» Халықаралық конференциясының Бағдар -лама парақшасы.

басқару жүйесінің кейбір мәселелері; Қозыбаев М.Қ. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, академик, *Қазақ зиялыларының шығармасындағы түркі тақырыбы (XX ғ. басы)*; Жевдет Күчүк (Cevdet Küçük), Ататүрік атындағы Түрік тарих қоғамының мүшесі, тарих докторы, профессор, *Осман империясы кезеңіндегі этнос ұғымының пайымдалуы және әлеуметтік-гуманитарлық мәселелер*; Аманжолов Керейхан, Қазақ қыздар педагогикалық институтының профессоры, т.ғ.д., (запастағы полковник), *Осман түріктері қарулы күштерінің әскери өнері*; Мүртеба Али Илгүрел (Mücteba Ali İlğürel), Мәрмәр университеті әдебиет және гуманитарлық пәндер факультеті, тарих бөлімінің меңгерушісі, профессор, *Осман империясының жихангерлігі*; Шөпеков А.А., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, *XIX ғ. бірінші жартысындағы орыс-түрік қатынастары*; Түнжер Гүленсой (Tuncer Gülensoy), Манас атындағы

Халықаралық Қырғыз-түрік университетінің әдебиет докторы, профессор, *Осман империясы дәуіріндегі түркі елдері әдебиеті*; Фадли Али, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті түрік тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент, *Осман империясындағы саяси ағымдар (XIX ғ. екінші дартысы және XX ғ. бірінші ширегі)*; Аманжолов А.С. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор, *Түрік тарихи өлеңдерінің тілдік ерекшеліктері*.

Аталмыш конференцияның жинағы табылмағандықтан баяндама тізбесінде көрсетілген деректерді қолдана алмадық, бұған конференцияда баяндама жасаған ғалымдар назар аударады деп ойлаймыз.

Қолымызға тиген ақпарат негізінде қандай да бір қорытындыға келу оңай емес. Себебі Қазақстандағы османистика яки осман тілі зерттеулері сала мамандарының назарын енді ғана аудара бастағанға ұқсайды. Бұған, атап өткеніміздей, Сирек қолжазбалар қорына қатысты ғылыми жобаны айта аламыз. Ал осман тілі зерттеулері төңірегіндегі жарияланымдар, әсіресе классикалық үлгідегі оқулықтар мен академиялық басылымдар қазіргі түрік тілі және шетел тілді деректер төңірегінде шоғырланғандығын ескерсек *осман-түрік тілі* бойынша ізденіс жүргізетін мамандар көптілді болулары қажет. Ал көптілді маман даярлау ісі елімізде жан-жақты және сапалы түрде жолға қойылған. Соған қарағанда гуманитарлық ғылымдардың тоғысқан жерінде орын алған қазақстандық шығыстану ғылымы өз арасынан османист мамандарды даярлап шығаратындығына нық сеніммен қарай аламыз.

Әдебиеттер:

Абай тілі сөздігі, 1968 – Абай тілі сөздігі Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1968. 735 б.

Али Назми, 1904 – *Али Назми*. Лисан-и Осман. Мекатиб-и рүштиенин биринжи сенесине махсустур (Рүштие-орта мектеп бірінші сынып дәріс кітабы). Стамбул: Маариф незарети – Білім минситрлігі. 1904. 51 б.

Аханов, 1973 – *Аханов К.* Тіл біліміне кіріспе. Алматы: «Мектеп» баспасы. 1973. 623 б.

Аманжолов, Рахметов, 1997 – *Аманжолов К., Рахметов Қ.* Түркі халықтарының тарихы. 2-ші кітап. XIV ғасырдан XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейінгі кезең. Алматы «Білім» 1997. 285 б.

Айдаров, Құрышжанов, Томанов, 1971 – *Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: «Мектеп» баспасы. 1971. 272 б.

Ercilasun, Bican, 2004 – *Ercilasun, Ahmet Bican* Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Ankara: Akçağ Yayınları. 2004. 486 s.

Caferoğlu, 1984 – *Caferoğlu, Ahmet*. Türk Dili Tarihi II. Enderun Kitabevi. İstanbul 1984. 256 s.

Kabadayı, Şadkam, 2021 – *Kabadayı, O., Şadkam, Z.* Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu. Almatı:Hoca Ahmet Yesevî Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. 2021. 394 s.

Қартабаева, 2015 – *Қартабаева Е.* Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы. Алматы: «Қазақ университеті» баспа үйі. 2015. 327 б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008 – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі. Алматы: Тіл комитеті. Дайк-Пресс баспасы. 2008. 969 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2010 – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Ахмеди Ысқақов, Нұргелді Уәли. Он бес томдық. XII том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. О; С. 2010. 752 б.

Мамырбекова, 2015 – *Мамырбекова Г.М.* Бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби лексикалар және оларды жазба әдеби тілде кодификациялау мәселесі. А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. №2. 2015. 105 б.

Мухамедова, 1973 – *Мухамедова З.Б.* Исследования по истории туркменского языка XI – XIV вв. Издательство «Алым». Ашгабат. 1973. 235 стр.

Нұрмаханова, 1982 – *Нұрмаханова Ә.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы: «Мектеп» баспасы, 1982. 180 б.

Новичев, 1965 – *Новичев К.* Турция. Краткая история. Москва: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. 1965. 270 б.

Süer, 2011 – Süer, Eker. Çağdaş Türk Dili. 7.baskı. Ankara: Grafiker Yayınları. 2011. 544 s.

Түймебаев, Сағидолда, Ескеева, 2017 – *Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М.* Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. Морфология. Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2017. 324 б.

Тортаев, 2009 – *Тортаев С.* Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы. Алматы: Заң әдебиеті. 2009. 400 б.

Türkçe Sözlük, 1999 – Türkçe Sözlük Ankara: TDK Yayınları. Kurtuluş Basımevi. 1999. 1023 s.

Утебеков, Якубов, 2024 – *Утебеков С.Б., Якубов И.Х.* Классикалық осман тіліне дейінгі түрік әдеби тілінің даму, қалыптасу кезеңдері және тілдік ерекшеліктері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2024. №1 (108).

References:

Abay tili sozdigi, 1968 – Abay tili sozdigi [Dictionary of Abay]. Almaty: Qazaq SSR-niң «Gylym» baspasy. 1968. 735 b. (in Kaz).

Ali Nazmi, 1904 – *Ali Nazmi.* Lisan-i Osman. Mekatib-i rushtiyenin birinzhî senesine mahsusdur (Rushtiyе-orta mektep birinshî synyp daris kitaby) []. Stambul: Maarif nezareti – Bilim minsitrliğı. 1904. 51 b. (in Kaz).

Akhanov, 1973 – *Akhanov K.* Til bilimine kirispe. Almaty: «Mektep» baspasy. 1973. 623 b.

Amanzholov, Rakhmetov, 1997 – *Amanzholov K., Rakhmetov K.* Turki khalyqtarynyn tarikhы. 2-shi kitap. XIV gasyrdan XVIII gasyrdyn birinshî zhartysyna deyingi kezen. Almaty «Bilim» 1997. 285 b. (in Kaz).

Aydarov, Quryshzhanov, Tomanov, 1971 – *Aydarov G., Quryshzhanov A., Tomanov M.* Kone tyrki zhazba eskertkishterinin tili. Almaty: «Mektep» baspasy. 1971. 272 b. (in Kaz).

Ercilasun, Bican, 2004 – *Ercilasun, Ahmet Bican Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi [Bican History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century].* Ankara: Akçağ Yayınları. 2004. 486 s. (in Kaz).

Caferoğlu, 1984 – *Caferoğlu, Ahmet.* Türk Dili Tarihi II. Enderun Kitabevi. [History of Turkish Language II. Enderun Bookstore]. İstanbul 1984. 256 s. (in Kaz).

Kabadayı, Şadkam, 2021 – *Kabadayı, O., Şadkam, Z.* Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu [Rare Works Catalog with Arabic Letters in the National Library] Almatı:Hoca Ahmet Yesevî Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. 2021. 394 s. (in Kaz).

Qartabayeva, 2015 – *Qartabayeva Ye.* Shygys elderinin ezhelgi zhane orta gasyrlar tarikhы [History of the Ancient and Middle Ages of the Eastern Countries]. Almaty: «Qazaq universiteti» baspa uyi. 2015. 327 b. (in Kaz).

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 2008 – Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. Zhалpy redaksiyasyn basqargan T.Zhanuzaqov. Qazaqstan Respublikasynyn Madeniyet zhane aqparat ministrliğı. Almaty: Til komiteti. Dayk-Press baspasy. 2008. 969 b. (in Kaz).

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2010 – Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. Zhalpy redaksiyasyn basqargan Akhmedi Ysqaqov, Nurgeldi Uali. On bes tomdyq. XII tom. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy. O; S. 2010. 752 b. (in Kaz).

Mamyrbekova, 2015 – *Mamyrbekova G.M.* Birneshe nusqada tanbalanyp zhyrgen eski kitabi leksikalar zhane olardy zhazba әдеби tilde kodifikatsiyalau мәselesi [Old book lexicons, marked in several versions, and the problem of their codification in the written literary language]. A.Baytursynuly at. Til bilimi institutynyn «Tiltanym» zhurnaly. №2. 2015. 105 b. (in Kaz).

Mukhamedova, 1973 – *Mukhamedova Z.B* Issledovaniya po istorii turkmenskogo yazyka XI – XIV vv [Studies on the history of the Turkmen language XI - XIV centuries]. Izdatelstvo «Alym». Ashgabat. 1973. 235 s. (in Rus).

Nurmakhanova, 1982 – *Nurmakhanova A.* Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty: «Mektep» baspasy, 1982. 180 b. (in Kaz).

Novichev, 1965 – *Novichev.K.* Turtsiya. Kratkaya istoriya [Turkey. Brief history]. Moskva: Izdatelstvo «Nauka». Glvnaya redaktsiya vostochnoy literatury. 1965. 270 s. (in Rus).

Süer, 2011 – *Süer, Eker.* Çağdaş Türk Dili [Turkic languages]. 7.baskı. Ankara: Grafiker Yayınları. 2011. 544 s. (in Kaz).

Tuymebayev, Sagidolda, Yeskeyeva, 2017 – *Tuymebayev Zh., Sagidolda G., Yeskeyeva M.* Turki tilderinin salystyrmaly-tarikhi grammatikasy. Fonetika. Morfologiya. [Comparative and historical grammar of Turkic languages. Phonetics. Morphology]. Almaty: «Qazygurt» baspasy. 2017. 324 b. (in Kaz).

Tortayev, 2009 – *Tortayev S.* Orta gasyrlardagy Aziya zhane Afrika tarikhy [History of Asia and Africa in the Middle Ages]. Almaty: Zan adebiyeti. 2009. 400 b.

Türkçe Sözlük, 1999 – *Türkçe Sözlük* [Turkic Dictionary]. Ankara: TDK Yayınları. Kurtuluş Basımevi. 1999. 1023 s. (in Kaz).

Utebekov, Yakubov, 2024 – *Utebekov S.B., Yakubov I.Kh.* Klassikalyq osman tiline deyingi turik adebi tilinin damu, qalyptasu kezenderi zhane tildik erekshelekteri [Development, formation stages and linguistic features of the Turkish literary language before the classical Ottoman language]. Al-Farabi atyndagy QazUU Khabarshysy. Shygystanu seriyasy. 2024. №1 (108). (in Kaz).

Есбосынов Е.З.

*Казахский национальный педагогический университет
имени Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: ergaliesb@gmail.com*

ИССЛЕДОВАНИЕ ПО ОСМАНО-ТУРЕЦКОМУ ЯЗЫКУ: ОТРАЖЕНИЕ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНОМ КОНТЕНТЕ

Аннотация. Несмотря на то, что истоки востоковедения Казахстане начались еще с советского периода, сегодня данная отрасль науки сформировалась как самостоятельное направление с ярко выраженным казахстанским академическим контекстом. Это подтверждается публикациями востоковедов на казахском языке. Одним из первых трудов в этом направлении, включающая исследование Османской империи и осmano-турецкого языка, стало издание 1997 года под названием «История тюркских народов» в Алматы. Однако, если рассматривать это с позиции современных научных требований, то ощущается нехватка подобных академических изданий. Цель данной статьи — рассмотреть лексические особенности осmano-турецкого языка, а также его социальные и исторические аспекты с учетом тематической специфики, используя как отечественные, так и зарубежные печатные и цифровые источники. Основная задача — представить количественные и качественные характеристики казахоязычных исследований в данной области. В этом контексте важным

событием стало публикация каталога османоязычных письменных памятников, хранящихся в фонде редких рукописей Национальной библиотеки Казахстана. В статье приведен статистический обзор структуры данного каталога, а также специально выделено одно из исследований, опубликованное в Стамбуле, включая фотоснимок оригинальной обложки. Материалы, собранные при подготовке статьи, показали, что в казахских учебниках для вузов, касающихся истории и языка Османского государства, имеются определённые пробелы. Это можно проиллюстрировать, например, цитатой из издания «Тюркские языки» опубликованное в Астана в 2015 г., «Советская власть с осторожностью относилась к общетюркскому контенту историй, языков, культур, стараясь максимально препятствовать комплексному изучению данной темы в контексте общетюркских ценностей», а вышеназанный обзор можно рассматривать, как продолжение негативных тенденций советского периода. Как было замечено, во многих случаях учебные пособия на казахском языке представляют собой механический перевод с иностранного (русского) языка, в котором сохраняются лексические шаблоны, так называемые «советизмы». Это, в свою очередь, наносит ущерб научности и достоверности работ и ограничивает их тематический потенциал, содержание. Хронология, структура и содержание истории тюркских народов, их языков, социально-политическое развитие не может ограничиваться современными границами. Эти процессы гораздо глубже и многограннее. Анализ источников и тематических исследований, посвящённые Османской империи, в данной статье направлены на привлечения внимания казахских востоковедов на актуальность данной темы.

Ключевые слова: востоковедение, тюркские языки, Османская империя, советизм, учебники, Стамбул, Талас, каталогизация.

Yesbossynov E.

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ergaliesb@gmail.com

THE REFLECTION OF OTTOMAN-TURKISH LANGUAGE STUDIES IN KAZAKH-LANGUAGE CONTENT

Abstract. Despite the fact that the origins of oriental studies in Kazakhstan date back to the Soviet period, today this branch of science has formed as an independent direction with a clearly expressed Kazakhstani academic context. This is confirmed by the publications of orientalist in the Kazakh language. One of the first works in this direction, including the study of the Ottoman Empire and the Ottoman-Turkish language, was the 1997 edition entitled "History of the Turkic Peoples" in Almaty. However, if we consider this from the standpoint of modern scientific requirements, there is a shortage of such academic publications. The purpose of this article is to consider the lexical features of the Ottoman-Turkish language, as well as its social and historical aspects, taking into account thematic specifics, using both domestic and foreign printed and digital sources. The main objective is to present the quantitative and qualitative characteristics of Kazakh-language research in this area. In this context, an important event was the publication of a catalog of Ottoman-language written monuments stored in the rare manuscripts fund of the National Library of Kazakhstan. The article provides a statistical overview of the structure of this catalog and specifically highlights one of the studies published in Istanbul, including a photograph of the original cover. The materials collected during the preparation of the article showed that there are certain gaps in Kazakh university textbooks concerning the history and language of the Ottoman Empire. This can be illustrated, for example, by a quote from the publication "Turkic Languages" (Astana, 2015): "The Soviet government treated pan-Turkic content with caution, trying to hinder as much as possible the comprehensive study of common Turkic patterns." We consider this fact as a continuation of the negative trends of the Soviet period. In many cases, textbooks are mechanical

translations from Russian, which retain the rhetorical patterns of the so-called “Sovietism.” This, in turn, damages the scientific nature and reliability of the works and limits their thematic potential and content. The chronology, structure and content of the history of the Turkic peoples, their languages and socio-political development are not limited by modern state borders. These processes are much deeper and more multifaceted. The analysis of sources and case studies devoted to the Ottoman Empire in this article is aimed at attracting the attention of orientalist to the relevance of this topic.

Key words: Oriental studies, turkic languages, Ottoman Empire, sovietism, textbooks, Istanbul, Talas, cataloging.

Автор туралы мәлімет:

Есбосынов Ерғали Зияханұлы, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторе:

Есбосынов Ерғали Зияханович, к.филол.н., и.о. ассоциированный профессор, КазНПУ им.Абая. Алматы, Казахстан.

Information about author:

Yesbossynov Yergali, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University Institute of Philology and Multilingual Education, Almaty, Kazakhstan.